

**Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз қажеті үшін жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізаттарды және өзге де орман ресурстарын жинау нормаларының шегін бекіту туралы**

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 25/286-III шешімі. Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 9 қазанда N 1941 тіркелді

Қазақстан Республикасындағы Орман кодексінің 42 бабының 3 тармағына сәйкес, облыс әкімиятының ұсынысын қарай келіп, облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз қажеті үшін жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізаттарды және өзге де орман ресурстарын жинау нормаларының шегі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**О б л ы с т ы қ                      м ә с л и х а т**

*сессиясының төрағасы*

**О б л ы с т ы қ                      м ә с л и х а т т ы ң**

*хатшысы*

**О ң т ү с т і к                      Қ а з а қ с т а н**  
**о б л ы с т ы қ                      м ә с л и х а т т ы ң**

**2 0 0 6                      ж ы л ғ ы                      2 9                      қ ы р к ү й е к т е г і**

**NN№25/286-III шешіміне қосымша**

**Оңтүстік қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры аумағынан жеке тұлғалардың өз қажеті үшін жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізаттарды және өзге де орман ресурстарын жинау нормаларының шегі**

| р/с | Орман ресурстарының түрлері                                                          | Бір адамның жинау нормасының шегі, кг.                    |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|
| 1.  | Ж а б а й ы                      ж е м і с т е р :<br>долана, алша, өрік, алма, жиде | Бір түрінен 5,0 кг, бірақ әр түрінен 15,0 кг-нан көп емес |
| 2.  | Грек жаңғағы                                                                         | 1,0                                                       |
| 3.  | Саңырауқұлақтар                                                                      | 3,0                                                       |
| 4.  |                                                                                      |                                                           |

|    |                                                                                       |                                                          |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
|    | Ж а б а й ы ж и д е к т е р :<br>қара бүлдірген, бөріқарақат, қарақат                 | Бір түрінен 2,0 кг, бірақ әр түрінен 6,0 кг-нан көп емес |
| 5. | Дәрілік шикізаттар: оның ішінде шөптер, гүлдер, бүршіктер, тамырлар, тамыр жуашықтары | Бір түрінен 1,0 кг, бірақ әр түрінен 3,0 кг-нан көп емес |
| 6. | ө з г е о р м а н р е с у р с т а р ы :<br>қамыс<br>шеңгел сыпырғы дайындау үшін      | 5,0<br>2,0                                               |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК